

А.М. Касенова*, PhD докторанты

«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»

коммерциялық емес акционерлік қоғамы,

Талдықорған қ., Қазақстан

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: aibarshyn.kasenova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы ШАғыН ЖӘНЕ Орта КӘсіПкерліКтің Қазіргі Жағдайы

Мақалада Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігін (ШОК), соның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы ШОК-тың негізгі көрсеткіштері қарастырылып, талданды. Әлемнің экономикасы дамыған елдерінің ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін: мал және өсімдік шаруашылығының өнімділігін Қазақстанның көрсеткіштерімен салыстыра отырып, талдау жасалынды. Ірі қара мал шаруашылығын Бразилия, Индия, АҚШ, Қытай, Аргентина, Мексика, Австралия мемлекеттері, шошқа шаруашылығынан Қытай, АҚШ, Бразилия, Испания, Германия, Ресей мемлекеттері, қой мен ешкі шаруашылығынан Қытай, Индия, Австралия, Ұлыбритания, Бразилия, Ресей мемлекеттерінде озық дамығандығы анықталды.

Сонымен қатар дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ішінде бидайдың өнімділігінен Қытай мен Ресей көш бастап тұр, ал картопты Қытай мен Индия, қант қызылшасын Франция, Ресей және АҚШ жақсы өсіретіндігі, бидай өсіруден Қазақстан көрсеткіштері Италия, Ұлыбритания, Польша, Испания, Бразилия елдерінен жоғары екендігі анықталды. ЕЭО елдерінің жалпы егіс алқабы мен негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі мен жалпы жиыны, ЕЭО белсенді мүшелерінің ауыл, орман және балық шаруашылығындағы салықтық кірістері мен бюджет шығындары қарастырылды. ҚР ауыл шаруашылығына бөлінген қаражат көлемі Ресейден 4,7 есе аз, ал қалған ЕЭО мүше елдерге қарағанда едәуір жоғары бөлінетіндігі анықталды. Ауыл шаруашылығынан түсетін салықтық түсімдер Ресейден 28,8 есе аз, Беларусьиядан 18,7 млн АҚШ долларына аз кірістелінген.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, шаруа немесе фермер қожалықтары, жұмыспен қамту, ЕЭО елдері, G8 елдері, салықтық түсімдер, бюджет шығындары.

Ключевые слова: сельское хозяйство, малое и среднее предпринимательство, растениеводство, животноводство, крестьянские или фермерские хозяйства, занятость, страны ЕЭС, страны G8, налоговые поступления, расходы бюджета.

Keywords: agricultural industry, small and medium-sized businesses, Agriculture, Animal Husbandry, peasant or farm farms, employment, EEU countries, G8 countries, tax revenues, budget expenditures.

Кіріспе. «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес», – деді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында [1]. Ауыл шаруашылығы – халық шаруашылығының маңызды салала-

рының бірі. Ол халық үшін азық-түлік, қайта өңдеу өнеркәсібі үшін шикізат өндіреді және қоғамның басқа да қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Мемлекетімізде ауыл аумағындағы кәсіпкерлік қызметтің дамуы ауыл шаруашылығын көркейтіп, ел экономи-

касының өсуіне үлкен үлес қосады. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласында ШОК-ты, оның ішінде шаруа қожалықтарын дамыту бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі.

Ауыл аумақтарындағы халықтың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқаты көбінесе ауыл шаруашылығының дамуына: жан басына шаққандағы орташа табыс, тауарлар мен қызметтерді тұтыну, өмірдің әлеуметтік жағдайларына байланысты [2].

Зерттеу жұмысының мақсаты ауыл шаруашылық саласының және аталған саладағы ШОК-тың қазіргі жағдайын, ел экономикасындағы алатын орнын айқындау. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет: экономикасы дамыған елдердің өсімдік және мал шаруашылығындағы табыстылығын Қазақстанның көрсеткіштерімен салыстыра отырып, ауыл шаруашылық саласының даму деңгейін анықтау, ауыл шаруашылығының негізгі салалары: мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы әлем бойынша қай мемлекеттерде жақсы дамығандығын анықтау, алыс-жақын шетелдік озық тәжірибелерді қарастыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Еуразиялық экономикалық одақтың агро-өнеркәсіп кешені бойынша статистикалық жинақтар және ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика бюросының статистикалық мәліметтері талдау үшін негізгі ресурс болып табылады. ЕЭО елдері мен G8 елдерінің ҚР ауыл шаруашылығындағы негізгі көрсеткіштерімен салыстыру-экономикалық және салыстырмалы талдау әдістерін қолдана отырып, ауыл шаруашылығының, ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі ахуалы мен мәселелері анықталды.

Әдебиеттік шолу. Ауыл аумақтарының тұрақты дамытуда ауыл шаруашылық саласындағы ШОК-ты дамыту мен қолдаудың маңызын, аталған саладағы кәсіпкерліктің дамуына табиғи ресурстардың: жайылымдар, егістік жерлер, су және т.б. ресурс-

тарының тигізер әсерін Шомшекова Б.К. зерттеген [2]. ҚР аграрлық секторы кәсіпорындарының жұмыс істеу тиімділігін зерттей келе, К.М. Тиреуов пен У.К. Керимованың [3] пікірінше, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту мақсатында республикада ірі тауар шаруашылықтары құрылуға тиіс және ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін және оның экспорттың ұлғайтуды ынталандыратын мемлекеттік реттеудің экономикалық тетіктерін әзірлеу қажет деп санайды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын салықтық реттеу ерекшеліктерін, ауыл шаруашылық саласында қолданылатын арнайы салық тәртібін Ж.О. Лукпанова [9] кейбір ТМД елдерімен, соның ішінде Беларусь мен Ресей елдерімен салыстыра отырып, қарастырған. Сондай-ақ елімізде ауыл шаруашылығы саласында қолданатын салық режимінің оңтайлы тұстары мен кемшіліктерін атап көрсеткен. ҚР аграрлық саласының тұрақты дамуының мүмкіндіктері мен шарттарын Р.Н. Жангированың [4] ғылыми зерттеу жұмыстарында қарастырған. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің ауыл шаруашылық өнімдері: бидай, бидай ұны, көкөніс, сиыр, қой мен шошқа еті және т.б. өнімдер бойынша сауда қарым-қатынасының даму келешегін Б.Н. Наукенова мен А.А. Пягай [6] зерттеген. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдаудың, соның ішінде субсидиялаудың негізділігі мен маңыздылығын Р. Асаубаевтың ғылыми мақалаларында қарастырған.

Негізгі бөлім. Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды, ТМД елдері арасында екінші орынды ала отырып, ауыл аумақтарын тұрақты дамытуда ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту үшін барлық қажетті ресурстарға ие, атап айтқанда: жер ресурсының шамамен 74% ауыл шаруашылығы үшін жарамды, ауылдық жерлерде халықтың 41,3% немесе шамамен 8,0 млн адамды құрайды, ауыл шаруашылығында 3,0 млн-нан астам адам жұмыс істейді, бұл

осы саланың еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілгендігін көрсетеді. ҚР-дағы кейінгі соңғы бес жылда орта есеппен жалпы ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі 3 542 252,3 млн теңгені құрады, жалпы республиканың ішкі өнімдердегі ауыл шаруашылық өнімдерінің үлесі 7,5 % жетті [3].

ҚР-да жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлығы 1 377 388 бірлік болса, соның 1 330 244 бірлігі ШОК субъектілері (96,6%), жұмыспен қамтылғандар 39,3% болып табылады (1-кесте).

1-кесте

2019 жылғы ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштері*

Мазмұны	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік	Жұмыспен қамтылғандар саны, адам	Өнім (тауарлар, қызмет көрсету) шығарылымы, млн теңге
ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштері			
Барлығы	1 330 244	3 448 727	32 386 960
о.і.: Ауыл, орман және балық шаруашылығы	252 264	447 344	2 510 170
Үлесі, %	19	13	7,7
ШОК кәсіпорындарының көрсеткіштері			
Барлығы	260 867	1 773 057	28 876 416
о.і.: Ауыл, орман және балық шаруашылығы	12 823	118 249	885 557
Үлесі, %	4,9	6,7	3,1
Дара кәсіпкерлердің көрсеткіштері			
Барлығы	855 920	1 378 884	1 902 754
о.і.: Ауыл, орман және балық шаруашылығы	25 984	32 309	16 823
Үлесі, %	3	2,3	0,9
Шаруа немесе фермер қожалықтарының көрсеткіштері			
Барлығы	213 457	296 786	1 607 790

*ҚР ҰЭМ статистика бюросының мәліметтерінен автормен құрастырылған

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің 1330244 бірліктің 19%, ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 3448 27 адамды құраса, оның 13%, өнім шығарылымы 32 386 960 млн теңгені құраса, оның 7,7% ауыл, орман және балық шаруашылығында саласына тиесілі. Халық санындағы тұрақты ауыл халқының үлесі 41,3% құрайтынын ескеретін болсақ, бұл өте төмен көрсеткіш. Мысалы, Ресейде ауыл тұрғындарының саны Қазақстанға қарағанда 16% аз, бірақ ауыл шаруашылық өнімдерін біздің елге қарағанда 6 есе жоғары өндіреді. ШОК субъектілерінің барлық өндірілген өнімнің 89,2%

ШОК кәсіпорындары өндіреді және ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындарға 3,1% тиесілі. Ал шаруа немесе фермер қожалықтары ШОК субъектілерінің барлық өндірілген өнімінің 5%-ға жуығын, ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы ШОК өндірген шығарылымының 64%-ын өндіреді [4].

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің көрсеткіштерін әлем елдерімен, соның ішінде G8 елдерімен салыстырып көрелік. Мал шаруашылығы – АӨК кешен өңдеуші салалары арасында негізгі шикізаттық ресурстары ретінде ауыл шаруа-

шылық жануарлары болып табылатын жетекші салалардың бірі. G8 елдері арасында АҚШ ірі қарамал (93705 мың бас) және шошқа (74550 мың бас) шаруашылығы

бойынша көш бастап тұр. Алайда G8 елдерінің барлығын қосқанда Қытайдың шошқа шаруашылығы 2,5 есеге артып отыр (2- кесте).

2-кесте

2018 жылғы әлем елдеріндегі мал шаруашылық көрсеткіштері*

№	Елдер	Ірі қара мал, мың бас	Сүт, мың тонна	Шошқа, мың бас	Қой мен ешкі, мың бас
G8 елдері бойынша					
1.	АҚШ	93705	98690	74550	7904
2.	Ресей	18294	30611	23726	24389
3.	Канада	11535	7117	14170	859
4.	Франция	19233	25541	13325	8341
5.	Германия	12281	33065	26445	1716
6.	Италия	5949	11944	8492	8165
7.	Жапония	3822	7289	9189	31
8.	Ұлыбритания	10004	15311	5055	33885
	Барлығы	174823	229568	174952	85290
Басқа да елдер					
9.	Қытай	83355	31165	447 175	302462
10.	Индия	185104	89834	8485	194416
11.	Бразилия	214900	33840	41444	29646
12.	Аргентина	53354	10527	5649	18907
13.	Мексика	31772	9298	17839	17434
14.	Австралия	26176	9289	2534	73699
15.	Польша	6143	14171	11828	321
16.	Испания	6466	7117	30804	18618
17.	Қазақстан	6764	5686	799	18329

*Евразиялық экономикалық одақ статистикасынан автормен құрастырылған

G8 елдерінде жалпы өсірілетін ірі қара мал саны (174823 мың бас) Индияның және Бразилияның бір өзінде өсіріледі екен. Сонымен, әлем елдері арасынан ірі қара малды өсіруде Бразилия, Индия, АҚШ, Қытай, Аргентина, Мексика, Австралия мемлекеттері алдыңғы қатарда. Ірі қара малдан өндірілетін сүт өнімдері де осы аталған мемлекеттерге тиесілі. Шошқа шаруашылығы Қытай, АҚШ, Бразилия, Испания, Германия, Ресей мемлекеттерінде алдыңғы қатарда. Қой мен ешкі Қытай, Индия, Австралия, Ұлыбритания, Бразилия, Ресей мемлекеттерінде озық дамыған. Бұдан басқа ірі қара малды Данияда – 12781 мың бас, Нидерландта – 12419 мың бас, Өзбек-

станда – 12400 мың бас және сүт өнімін өндіретін Турция – 20037 мың тонна өндірісе, Жаңа Зеландияда ірі қара мал санын 10145 мың, қой мен ешкі санын – 27377 мыңға дейін өсіреді.

Қазақстан ірі қара мал, қой мен ешкі шаруашылықтары бойынша Польша, Испания сынды елдердің алдында. 2002-2019 жылдар аралығында жалпы мал басына ірі шаруашылықтарда 7,0-ден 9,1%-ға дейін мал басы өсті. Осы аралықта мал басының көбеюінің ең жақсы көрсеткіштері – шаруа қожалықтарында 4,5%-дан 35%-ға дейін болды. Етті мал шаруашылығын дамыудың 2018-2027 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, әрқайсысы 100 бас ірі

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2021. – №1(42)

кара малға арналған 80 мың отбасылық ферма құрылды және 2027 жылға дейін тағы 400 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ету көзделген [5].

Өсімдік шаруашылығы бойынша 2018 жылғы дәнді және дәнді-бұршақты

дақылдардың жалпы түсімі Қытай (617,2 млн т), АҚШ (468 млн т), Ресей (113,3 млн т), Бразилия (106 млн т), Канада (64,4 млн т), Франция (62,6 млн т) сынды елдерде жоғары болған (3-кесте).

3-кесте

2018 жылғы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жалпы түсімі (өңдеуден кейінгі салмақта)*

№	Елдер	Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың барлығы млн т	Оның ішінде	Картоп мың т	Қант қызылшасы (фабрикалық), мың т
			Бидай, млн т		
G8 елдері бойынша					
1.	АҚШ	468,0	51,3	20607	30069
2.	Ресей	113,3	72,1	22395	39026
3.	Канада	64,4	31,8	5791	505
4.	Франция	62,6	35,8	7871	39580
5.	Германия	38,4	20,3	8921	26191
6.	Италия	17,1	6,9	1308	1941
7.	Жапония	11,0	-	2262	3611
8.	Ұлыбритания	21,9	13,6	5028	7620
	Барлығы	796,7	231,8	74183	148543
Басқа да елдер					
9.	Қытай	617,2	131,4	90321	12078
10.	Бразилия	106,0	5,4	3688	-
11.	Польша	26,7	9,8	7478	14303
12.	Испания	25,6	8,0	2011	2871
13.	Қазақстан	20,3	13,9	3807	505

*Евразиялық экономикалық одақ статистикасынан автормен құрастырылған

Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ішінде бидайдың өнімділігінен Қытай, Ресей (АҚШ-тың өзі Ресейден кейінгі орынға ығысады) әлем елдері арасында алдыңғы орындарда орналасқан. Картопты ең алдымен Қытайдан кейін Индия (48529 мың т) жақсы өсіреді. Қант қызылшасын Франция әлем елдері ішінде бірінші орында. Қызылшаны Ресейден кейін АҚШ, Германия елдері және осы аталған елдер картоп өсіруде алдыңғы орындарда. Бидай өсіруден Қазақстан көрсеткіштері Италия, Ұлыбритания, Польша, Испания, Бразилия елдерінен жоғары.

Еуразиялық кеңістіктегі мемлекетаралық мамандандырылған нарықтар астық,

ұн-жарма, ет, бақша, көкөніс өндірісінің қазақстандық тауарларымен ұсынылған. Қазіргі уақытта олар ЕЭО агроөнеркәсіптік өнімдерінің экспорт ағынында айтарлықтай үлес салмағын иеленеді және ЕЭО ортақ аграрлық нарығын қалыптастыруға осы тауарлардың қатысуын кеңейту бағытында ықпал етуге мүмкіндік беретін салыстырмалы артықшылығы бар. ЕЭО елдері арасында жалпы егіс алқабы бойынша ҚР Ресейден кейінгі орында. Ресей ЕЭО елдерінің жалпы егіс алқабының 73%, ал ҚР 20,2% иемденеді. Беларусьқа картоп өсіру мен қант қызылшасының алқабы Ресейден кейінгі орында (4-кесте).

2019 жылғы ЕЭО елдерінің жалпы егіс алқабы*

Елдер	Жалпы егіс алқабы, мың га	Оның ішінде:				
		дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар	қант қызылшасы	картоп	ашық топырақтағы көкөніс	күнбағыс
Армения	227,9	121,2	-	20,5	19,8	0,8
Беларусия	5901,9	2452,7	95,9	268,0	62,5	0,0
Қазақстан	22135,8	15396,6	15,2	193,0	159,1	830,4
Қырғызстан	1216,7	554,2	14,4	79,2	53,4	26,0
Ресей	79880,5	46660,4	1144,9	1254,9	517,6	8583,6
Барлығы	109362,8	65185,1	1270,4	1815,6	812,4	9440,8

*Еуразиялық экономикалық одақ статистикасынан автормен құрастырылған

Беларусияның жалпы егіс алқабы Қазақстанға қарағанда 3,7 есе аз болғанымен, қант қызылшасына арналған жер көлемі 6,3 есе және картоп 1,4 есе артық болып отыр. Есесіне, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды Қазақстанда 6,3 есе артық егеді [6].

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділік көлемі жер көлеміне, жердің құнарлығына, табиғи-климаттық жағдайларға, жерді ұтымды бөлу және тиімді пайдалануға, материалдық-техникалық базаны

жетілдіруге, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізуге, өндірістік процестерді кешенді механикаландыру және автоматтандыруға байланысты. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі жиналған алқап бірлігінен өнімнің орташа жиналуын сипаттайды. 1 га алынатын центнер (ц) көлемі төмен болғанымен, дәнді дақылдардың жалпы өнім көлемі Ресейден кейінгі орында (5-кесте).

2019 жыл бойынша ауылшаруашылық дақылдарының көрсеткіштері*

Ауыл шаруашылық дақылдары	Армения		Беларусь		Қазақстан		Қырғызстан		Ресей	
	Өнімділік	Жалпы өнім	Өнімділік	Жалпы өнім	Өнімділік	Жалпы өнім	Өнімділік	Жалпы өнім	Өнімділік	Жалпы өнім
Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар	17	199	30	7331	11	17429	31	1931	27	121200
Картоп	199	404	229	6105	203	3912	171	1374	170	22075
Қант қызылшасы	294	0,6	519	4927	326	486	515	741	448	50798
Көкөністер	265	622	284	1854	261	4138	199	1134	251	14105
Күнбағыс	27	2	17	1	10	839	13	15	18	15379
Жеміс-жидектер	76	291	65	546	72	301	53	270	101	3500

*Еуразиялық экономикалық одақ статистикасынан автормен құрастырылған

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2021. – №1(42)

ЕЭО елдері арасында Қазақстанда өсірілетін дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың өнімділігі 1 га-дан 11 ц-ден айналады. Бұл көрсеткішті Беларусь және Қырғызстанмен салыстырғанда 2,7 есеге аз. Еуропа елдеріндегі ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі ерекшелігі – кәсіпкерлердің кооператив түрінде болуы және аталған салаға мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың көрсетілуінде. ҚР өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейінің тұрақтылығын ескере отырып, дәнді дақылдарды, майлы және көкөніс-бақша дақылдарына, күрішке, ірі кара мал етіне, қымыз бен шұбатқа, жұмыртқаға, мақтаға субсидиялауды тоқтатып, босаған қаражатты асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу, сондай-ақ импортқа тәуелді позициялар болып табылатын қант қызылшасы, құс еті, сүт сияқты басым бағыттар субсидияланды [7].

2019 жылдың қорытындысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағдарламасының «Ірі кара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу» бағыты бойынша жалпы сомасы 18,1 млрд теңгеге 12682 шаруашылық субсидия алды, оның ішінде 300-ден жоғары 1346 ірі шаруашылық, 100-ден 300-ге дейінгі 4771 орта шаруашылық, мал басының саны 50-ден 100-ге дейінгі 6565 ұсақ шаруашылық, «Сүт өндірісінің құнын арзандату» бағыты бойынша жалпы сомасы 11,2 млрд теңгеге 398 шаруашылық субсидия алды, оның ішінде 600-ден жоғары жемдік мал басы бар 45 шаруашылық, 400-ден жоғары жемдік мал басы бар 38 шаруашылық, 50 жоғары жемдік мал басы бар 201 шаруашылық. Статистикаға сүйенсек, 2019 жылдың қорытындысы бойынша субсидия алушылардың саны 107 мыңды құрады, оның ішінде алушылардың 60-70%-ы ШОК және шаруа немере фермер қожалықтары. Сонымен қатар Дүниежүзілік банктің ақпараты бойынша,

Қазақстанның ет-сүт өндірісінің шамамен 80% шағын өндірушілерге тиесілі [8].

Халықаралық тәжірибе бойынша мал шаруашылығы саласын 80%-ға дейін субсидиялау бар. Бұл өз кезегінде, мал шаруашылығын және мал азығын өндірушілерді, өсімдік шаруашылығында жұмыс істейтін ШОК-ты дамытады. Ауыл, орман және балық шаруашылығына бюджеттен бөлінетін ақша қаражаты ҚР-да Беларусьқа қарағанда 282,8 млн АҚШ долл. артық болғанымен, аталған саладан түсетін салықтық түсімдер 18,7 млн АҚШ долл. кем кірістелген:

– Қазақстанда бөлінетін бюджет шығындар көлемі 1386,2 млн АҚШ долл. болса, салықтық кірістер 162,6 млн АҚШ долл.;

– Беларусьта бөлінетін бюджет шығындар көлемі 1 103,4 млн АҚШ долл. болса, салықтық кірістер 181,3 млн АҚШ долл.;

– Ресейде бөлінетін бюджет шығындар көлемі 6 561,1 млн АҚШ долл. болса, салықтық кірістер 4 690,0 млн АҚШ долл. құрайды.

ҚР ауыл шаруашылық саласынан кірістелетін салықтық түсімдердің құрылымын: корпоративті табыс салығы – 13,6%, қосылған құн салығы – 29,1 %, мүлік салығы – 3,9%, әлеуметтік аударымдар – 6,5%, басқа да салықтық төлемдер мен алымдар 46,9% құрайды. Ауыл шаруашылығы субъектілері төлем көзінен ұсталатын салықтардан басқа салықтар бойынша жеңілдіктерді және ауыл шаруашылығында өзінің бизнесін жүргізетін шаруашылық жүргізуші субъектілер оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық тәртібін қолданатындықтан, салықтық түсімдер аз кірістеледі [9].

Қорытынды. Еліміз жайылымдарға және мал азығын дайындауға арналған жер ресурстарымен қамтамасыз етілген болса да, Қазақстанда сүтті бағытта да, етті бағытта да мал басы аз, сәйкесінше олардан алынатын өнімнің көлемі де аз. Бүгінгі мал шаруашылығындағы негізгі міндет – ірі кара мал басын арттыру. Ол үшін сапалы жем-шөп базасы, жануарлар тұқымының асылдығы

және қаржылай қолдау шараларын күшейту қажет. Ауыл шаруашылығы өзін-өзі ақтамайтын болса да мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді арттыру қажет. Мал шаруашылығы саласын 80%-ға дейін субсидиялау халықаралық тәжірибесін қолданғанымыз жөн. Бұл мал азығын өндірушілер мен өсімдік шаруашылығын, ауыл аумақтарында ШОК-ты дамытудың бірден-бір жолы. Елі-

міз бидай мен ұн экспорты бойынша әлемдік көшбасшы позицияға ие және азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық орталығы бола алады және астық өндірісінде химикаттарды қолданудың ең төменгі деңгейі тұрғысынан әлемде бірінші орын алады. Сол себепті, аз уақыт ішінде ауыл шаруашылық өнімдері бойынша импортқа тәуелділігін жоюға әлеуеті жоғары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы. <https://www.akorda.kz/>
2. Shomshekova, B.K. Ecological and economic sustainability of regional development / B.K. Shomshekova, S.U. Abdibekov, B.S. Kulbay, A.M. Kassenova, A.S. Sadvakasova // Publishing house-Journal of Environmental management and tourism. – Summer 2020. – Vol. XI. – Issue 3 (43). – P. 594-601.
3. Тиреуов К.М. Эффективность функционирования предприятий аграрного сектора РК / К.М. Тиреуов, У.К. Керимова, С.А. Турекулов // Аграрлық нарық проблемалары. – 2020. – №1. – С. 81-87.
4. Жангирова Р.Н. Возможности и условия устойчивого развития аграрной отрасли РК // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 3(87). – С. 78-84.
5. Статистика Евразийского экономического союза. <http://www.eurasiancommission.org/ru>
6. Наукенова Б.Н. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен сауда қарым-қатынасының даму келешегі / Б.Н. Наукенова, А.А. Пягай // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2020. – №2 (86). – С. 29-36.
7. Асаубаев Р. АПК – 2020: конкурс субсидий и результатов. – 2020. <https://ekonomist.kz/>
8. ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының 2020 жылғы 7 ақпандағы №ДЗ-36 ауыл-шаруашылық субсидиялары мен жеңілдетілген кредиттер беру жөніндегі депутаттық сауалына жауап. <https://primeminister.kz/kz/inquiries/145>
9. Лукпанова Ж.О. Налоговое регулирование сельского хозяйства РК // Вестник КазУЭФМТ. – 2019. – №1. – С. 78-84.

REFERENCES

1. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana ot 1 sentjabrja 2020 goda «Kazahstan v novyh uslovijah: period dejstvija». <https://www.akorda.kz/> [in Kazakh]
2. Shomshekova, B.K. Jekologo-jekonomicheskaja ustojchivost' regional'nogo razvitija / B.K. Shomshekova, S.U. Abdibekov, B.S. Kul' baj, A.M. Kasenova, A.S. Sadvakasova // Izdatel'stvo-zhurnal jekologicheskogo menedzhmenta i turizma. – 2020. – №3 (43). – P. 594-601.
3. Tireuov K.M. Jeffektivnost' funkcionirovanija predprijatij agrarnogo sektora RK / K.M. Tireuov, U.K. Kerimova, S.A. Turekulov // Agrarlyk naryk problemalary. – 2020. – №1. – S. 81-87 [in Russian].

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2021. – №1(42)

Менеджмент и маркетинг

4. Zhangyrova R.N. Vozmozhnosti i usloviya ustojchivogo razvitija agrarnoj otrasli RK // Vestnik universiteta «Turan». – 2020. – №3 (87). – S. 78-84 [in Russian].
5. Statistika Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza. <http://www.eurasiancommission.org/ru> [in Russian].
6. Naukenova B.N. Perspektivy razvitija torgovyh otnoshenij Kazakhstana so stranami-chlenami Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza / B. Naukenova, A. Pjagaj // Vestnik universiteta «Turan». – 2020. – №2 (86). – S. 29-36 [in Kazakh].
7. Asaubaev R. APK – 2020: konkurs subsidij i rezul'tatov. – 2020. <https://ekonomist.kz/> [in Russian].
8. Otvet na deputatskij zapros deputatov Mazhilisa Parlamenta RK ot 7 fevralja 2020 goda №DZ-36 po predostavleniju sel'skohozjajstvennyh subsidij i l'gotnyh kreditov. <https://primeminister.kz/kz/inquiries> [in Kazakh].
9. Lukpanova Zh.O. Nalogovoe regulirovanie sel'skogo hozjajstva RK // Vestnik KazUJFMT. – 2019. – №1. – S. 78-84 [in Russian].

А.М. Касенова

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассмотрены и проанализированы основные показатели Казахстана в сфере малого и среднего предпринимательства (МСП), в том числе сельского хозяйства. Проведен анализ продуктивности основных видов сельскохозяйственной продукции (животноводства и растениеводства) экономически развитых стран мира в сравнении с показателями Казахстана. Выявлено опережающее развитие крупного рогатого скота в Бразилии, Индии, США, Китае, Аргентине, Мексике, Австралии, свиноводства в Китае, США, Бразилии, Испании, Германии, России, овцеводства и козоводства в Китае, Индии, Австралии, Великобритании, Бразилии, России.

Кроме того, среди зерновых и бобовых культур по урожайности пшеницы лидируют Китай и Россия, а картофель лучше всего выращивают в Китае и Индии, сахарную свеклу – во Франции, России и США, показатели Казахстана по выращиванию пшеницы выше, чем в Италии, Великобритании, Польше, Испании, Бразилии. Рассмотрены общие посевные площади и урожайность основных сельскохозяйственных культур стран ЕАЭС, налоговые доходы и бюджетные расходы активных членов ЕАЭС в сельском, лесном и рыбном хозяйстве. Установлено, что объем средств, выделенных на сельское хозяйство РК, в 4,7 раза меньше, чем в России, а в остальных странах-членах ЕАЭС выделяется значительно выше. Налоговые поступления от сельского хозяйства в 28,8 раза меньше, чем в России, на 18,7 млн долл. США доходность ниже, чем Белоруссии.

A. Kassenova

CURRENT STATE OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation

The article considers and analyzes the main indicators of Kazakhstan in the field of small and medium-sized enterprises (SMEs), including agriculture. The analysis of the productivity of main agricultural products (crops and livestock) economically developed countries in comparison with Kazakhstan. The leading development of cattle in Brazil, India, USA, China, Argentina, Mexico, Australia, pig breeding in

China, USA, Brazil, Spain, Germany, Russia, sheep and goat breeding in China, India, Australia, Great Britain, Brazil, Russia was revealed.

In addition, among cereals and legumes, China and Russia are the leaders in wheat yield, and potatoes are best grown in China and India, sugar beet-in France, Russia and the United States, Kazakhstan's indicators for wheat cultivation are higher than in Italy, Great Britain, Poland, Spain, and Brazil. The total acreage and yield of the main agricultural crops of the EAEU countries, tax revenues and budget expenditures of active members of the EAEU in agriculture, forestry and fisheries are considered. It is established that the amount of funds allocated for agriculture of the Republic of Kazakhstan is 4.7 times less than in Russia, and in other EAEU member states it is allocated much higher. Tax revenues from agriculture are 28.8 times less than in Russia, by \$ 18.7 million. The US yield is lower than that of Belarus.

